



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ

01 желтоқсан 2023 жыл

Орал қаласы

Бұдан әрі бірінші тарап деп аталатын «**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті**» жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Шакешев Бекболат Теміржанұлы бірінші жақтан және бұдан әрі екінші тарап деп аталатын «**Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті**» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы екінші жақтан, бірлесіп «**Тараптар**» деп атала отырып, төмендегі мазмұндағы осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Шарттың мәні Тараптардың білім беру және ғылыми қызмет саласындағы ынтымақтастығы, сондай-ақ озық тәжірибені пайдалану және ғылыми эзирлемелерді оқу үдерістеріне енгізу, академиялық және ғылыми байланыстар орнату, ғылыми әлеуетті дамыту және теңдік, өзара тиімділік, өзара түсіністік, құрмет пен сенім қағидаттары негізінде мамандарды кәсіби даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

2. ШАРТТЫҢ МАҚСАТЫ

2.1. Осы Шарттың мақсаты Тараптар арасында ғылым мен білім саласында және өзара қызығушылық тудыратын салаларда өзара тиімді ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату болып табылады.

3. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Осы Шартты іске асыру мақсатында Тараптар ынтымақтастықтың келесі бағыттарын айқындайды:

- тиісті дайындық бағыттарының жіктелуі бойынша профессор-оқытушылар құрамымен, докторанттармен, магистранттармен және студенттермен академиялық алмасу: 6B012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы, 6B013 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы, 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау, 6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау, 6B023 Тілдер мен әдебиет, 6B031 Әлеуметтік ғылымдар, 6B049 Құқық, 6B061-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша), 6B111 Қызмет көрсету саласы, 6B041/7M041 Бизнес және басқару, 6B011/7M011 Педагогика және психология, 6B016/7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау, 6B014/7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау,
- ғылыми кеңесшілерді, магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту;
- бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ғылыми алмасу;
- ғылым мен өндірістің өзекті бағыттары бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу



және тәжірибелік-конструкторлық жобаларды (бағдарламаларды) жүргізу;

- оқытушылардың, магистранттардың ғылыми мақалаларын халықаралық деректер базасында индекстелетін басылымдарда және ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жариялауға жәрдемдесу;

- симпозиумдар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, телекөпірлер және т. б. ұйымдастыру және өткізу;

- оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді бірлесіп әзірлеу;

- бакалаврларды, магистрлерді даярлау негізінде бірлескен оқыту және тәжірибе алмасу;

- Тараптар базасында магистранттар және студенттердің тағылымдамадан және кәсіби практикадан өтуі;

- профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

- осы Шарт шеңберінде ЖОО қызметі туралы жұртшылықты хабардар ету.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Тараптар бір-біріне оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға дәрістер мен семинарлар өткізу, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу үшін база (лабораториялар) ұсынады;

4.2. Тараптар келісілген тақырыпқа сәйкес ғылыми зерттеулер мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізуге өзара көмек көрсетеді;

4.3. Тараптар серіктес ғалымдарды бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, ұжымдық ғылыми-әдістемелік жұмыстарды дайындауға тартады;

4.4. Тараптар басылымдарды ғылыми редакциялауға, сондай-ақ магистранттардың және серіктес қызметкерлерінің жұмыстарына рецензиялауға қатысады;

4.5. Тараптар әріптестің білім алушылары мен қызметкерлеріне қатысу құқығын бере отырып, өткізілетін өңірлік, республикалық және халықаралық конференциялар туралы бір-бірін хабардар етеді;

4.6. Тараптар серіктес жоғары оқу орындары базасында ғылыми-педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау мүмкіндігін ұсынады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шарт бойынша туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешуге міндеттенеді.

5.2. Тараптар шартты орындауға немесе түсіндіруге қатысты туындауы мүмкін мәселелер шеңберінде кеңестер өткізе алады.

6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

6.1. Шарт мемлекеттік (қазақ) тілде, екі данада әр Тарап үшін бір данадан жасалды.

6.2. Осы Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы әрекет етеді. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шартты бұзуға ниет



білдірмесе және бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, осы Шарт келесі 5 (бес) жылға ұзартылады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Тараптардың бірлескен іс-шараларды (бағдарламаларды), сондай-ақ осы Шарт шеңберіндегі басқа да міндеттемелерді іске асыру жөніндегі қаржылық өзара қарым-қатынастары осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша шарттарда (келісімдерде) айқындалатын болады.

7.2. Осы бірлескен қызмет туралы шартта көзделмеген басқа да мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

7.3. Осы Шартқа Тараптар тараптардың өзара келісімі бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАНДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті»
ЖЖКБМ

Қазақстан Республикасы, 090000

Орал қ., Н. Назарбаев даңғ., 208

+7 (7112) 50-99-90;

Клиенттің БСН: 150940012491

ЖСК (шот нөмірі):

KZ43856000009539266 (KZT)

БСК (банк коды): KСJBKZKX

(КБе 17)

Банктің БСН: 980841000096

Банктің атауы: "Банк Центр Кредит" АҚ

Орал қаласындағы филиалы

Н. Назарбаев даңғылы, 184/1

Тел.: +7 (7112) 50-07-73, 50-88-54

e-mail: reception@wkitu.kz

«Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ

Қазақстан Республикасы, 060011,

Атырау қ., Студенттер даңғылы, 1 құрылыс

АО «ForteBank»

ИИК KZ3966510F0008074825

БИК IRTYKZKA

БИН 990 240 001 891

КБЕ 16

тел. +7(7122) 27-63-23

e-mail: kense@asu.edu.kz



Ректор

(Мөр орны)

Б.Т. Шакешев

Басқарма төрағасы – Ректор

(мөр орны)

Идрисов С.Н.